

ӘОЖ 325.68

**ЖАЗУШЫ Ә. НҮРШАЙЫҚОВ ХАТТАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХ**

**Қанағат Аяулым**

[kanagat.aiaylym@mail.ru](mailto:kanagat.aiaylym@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің  
магистранты

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор М.Б.Тоқтағазин

6827

Эпистолярлық жанрда жазылатын дүниелерде көбінесе ерекше бір рух байқалып отырады. Ол – Отанға деген сүйіспеншілік, ел қамын ойлаудан туатын ойлар мен тебіреністер. Бұл заңды да. Өйткені кез-келген саналы азамат жеке басының тіршілігін ғана ойлап қоймай елдің жағдайы туралы да ұмытпағаны дұрыс деп ойлаймын.

Мұндай сипатта жазылған хаттардан патриоттық рухты байқауға болады. Ендеше патриотизм деген ұғымның басын ашып, мәніне үңілсек. Уикипедия Ашық энциклопедиясында былай делініпті: «Патриотизм - [грек, *patris* - отан, атамекен] - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, өз Отанын қорғауды мақсат тұтатын, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі» [1].

Осы анықтамадан белгілі болғанындай, дүниеге шыр етіп дүниеге келген әрбір жан тірі жүргенін ғана ойламай ел, ұлт қамы үшін де бірдеңе істеуді ойлағаны жөн деп ойлаймын. Ал журналист үшін медиакеңістікте қоғамдық пікір қалыптастыру өте маңызды. Әсіресе газеттер бұл ретте көп шаруа атқара алар еді. Осы тұрғыда профессор Н.Омашевтің мына бір пікірі ойландырады: «Біздер үшін қоғамдық пікірді таратып қана қою аз, оны қалыптастыра да білуіміз керек. Өкінішке қарай, елдегі кейбір ақпарат құралдары арасында оқырман, көрермен пікірімен санаспау, өз идеясын зорлап таңу пиғылы басым болып барады. Бұл, әсіресе, тәуелсіздік терісін жамылған басылымдарға қатысты. Әрине, кез келген газеттің ұсынған бағыт-бағдары болады. Өзіндік ерекшеліктеріне қарай өз аудиториясын табады. Бірақ, жалған сенсация қуып арзан ақпаратқа, тапсырыстағы дүниелерге, мазмұны мәнсіз мақалаларға ешқандай жол бермегені абзал. Әйтпесе, бүгінгі таңда желөкпе басылымдар қаптап кетті. Алған ақпаратты бүге-шігесіне дейін анықтап, нақты түсіндіру газеттің міндеті болып табылуы керек»[2,8-6].

Профессор ұстазымыз айтып отырған бұл мәселелерді жүзеге асыру үшін мерзімді басылым басшылары газет беттерінде патриоттық рухқа құрылған оқырман хаттарын жиі жариялағаны жөн дер едім. Ол үшін елдің өркендеуінің ұлттық мәселелері мемлекет тарапынан ойластырылғаны дұрыс сияқты. Зерттеуші ғалым С.Садықұлының мына бір пікірі үлкен ойға бастайтын сияқты: «Экономикалық және әлеуметтік дамудың ұлттық республикалық моделін құру жолындағы ізденістердің табысты болуы ең алдымен ескі көзқарастардан бас тарта отырып, қалың бұқараның психологиясын түбірімен өзгертуге тікелей байланысты. Осы орайда жаңаша ойлау машығын қалыптастыру аса қажет»[3,50-6].

Аталған ғалымның «жаңаша ойлау машығын қалыптастыру аса қажет» деген пікіріне қосыламын. Себебі заман өзгерістерге толы. Осындай жағдайда ұйықтап жүруге болмайды ғой. Кезінде алаштың арысы Мұстафа Шоқай да мынадай көрегендік сөзін айтыпты: «Сонымен, эпистолярлық этикет қатаң сақталғаннан кейін жойылмайды деп айтуға болады. Дәстүрлі түрдегі әріп жойылмайды, тек өзгереді. Алайда, бұл факт оның толық мутациясын білдірмейді, мүмкін бұл тек жаңа техникалық жағдайларға бейімделу болса керек [4,372-6].

Патриоттық рухтағы хаттар Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың хаттарында да жиі кездеседі. Жазушының хат жанры зерттеуімізде нақтылы туындылары арқылы кең көлемде қарастырылады. Қаламгердің шығармашылық зертханасы, терең философиялық ой-толғамдары мен өмірлік тәжірибесі, көркемдік арнасы мен стиль даралығы да тиісті тұстарда сөз етіледі, сыр-сипаттары сараланады. Сонымен қатар Қазақстанның халық жазушысының мұрағатындағы хаттар да талданып, ғылыми айналымға шығарылады.

Ә.Нұршайықов шығармаларындағы хат жанры бірқатар ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде тілге тиек етілгенімен ол арнайы зерттеу объектісіне айналмаған. Осы мәселені жан-жақты зерделеп, Ә.Нұршайықов хаттарын жіктеу, топтап саралау ойда бар. Әсіресе жазушы хаттарының публицистік сипатына да мән беру көзделді.

Осы арада ерекше бір атап көрсетерлік жайт, халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов қазақ әдебиетінің тарихында кезінде КОКП атанған Кеңес Одағының Коммунистік партиясының екі бірдей Бас хатшысына қайсарлықпен хат жазған қаймықпас қаламгер. Тарихтан білуімізше, ол заманда Мәскеудегі сол «бас мекемеге» саясатқа «томпақтау»

келетін мәселе туралы жазу үлкен тәуекел болып есептелген. Өйткені ондай батылдыққа, тосын пікір айтуға барған қаламгерлер, тұлғалар Компартия тарапынан қатты қудаланған.

Алайда ұлтына қызмет етуді алдына мақсат етіп қойған Әз-атамыз еш қаймықпастан хат ұйымдастырып, оған қазақтың белгілі адамдарының қолдарын қойғызып, қабағы қатал Мәскеуге жолдаған. Хаттан публицистік сипат айқын аңғарылады. Басын бәйгеге тіккен Әз-атамыз бұл хатты шабыттана әзірлегені көрініп-ақ тұр.

Коммунистік партия билік құрған сол кезде «үлкен басшыға» сәл қатты тіркес жазу өлімге бас тігумен бірдей еді. Алайда Ә.Нұршайықов заманның ығына жығылып, үлкен іс шешімін табуы үшін сөзін майдалап, «жұмсақтап» жеткізуге тырысқан.

Енді сол хатқа үңілейік:

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының  
Председателі, Совет Одағының Маршалы  
ЛЕОНИД ИЛЬИЧ БРЕЖНЕВ ЖОЛДАСҚА

«Совет халқының гитлер фашизмінен жеңгеніне 35 жыл толу қарсаңында Сізге, қымбатты Леонид Ильич, қазақ жұмысшы, шаруа және интеллигенция өкілдерінің бір тобы өзінің жалынды сәлемін және ең жақсы тілегін жолдайды.

Көп ұлтты советтік мемлекеттің қуатын арттыруға, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға жасап отырған күнбе-күнгі қамқорлығыңыз және өзіңіздің «Тың» атты тамаша кітабыңызда біздің халқымызға берген биік бағаңыз үшін қазақ халқы Сізге шын жүректен алғыс айтады. Сіз ол кітапта: «Қазақ халқы тарих биігіне көтеріле білді, бүкіл елдің қажетін түсініп, өзінің революциялық, интернационалдық қасиетін танытты» деп жаздыңыз.

Сонымен бірге сіз халқымыздың Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігіне де жоғары баға бердіңіз. «Мен қазақтарды майданда жүрген кезде-ақ жақсы көріп қалып едім. Олар байыпты да қарапайым, іске елгезек, ержүрек жауынгерлер мен командирлер болды».

Бұл әкелік сөздеріңіз үшін Сізге шын жүректен рақмет!

Ұлы Отан соғысы жылдан-жылға тарихтың қойнауына кіріп, бірте-бірте алыстап барады. Жуықта Совет халқы гитлер фашизмінен тас-талқан еткен Жеңістің 35 жылдығын тойламақ. Осы аса зор мерекеге байланысты біздің Сізге мынадай үлкен өтінішіміз бар.

Отанымыздың өзге халықтары сияқты жауды жеңуге аз еңбек сіңірмеген қазақ халқы өз ұлдары мен қыздарының Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктерін ерекше мақтаныш етеді. Көптеген ерлеріміздің еңбегін бағалап, Отан олардың кеуделеріне кезінде жұлдыздар тақты.»

Байқап отырғанымыздай, саясаттың тамырын баса білетін Әзілхан атамыз әңгімені әріден бастап, мақтау айтып, негізгі мақсатқа жету үшін «жұмсақ көрпе» төсеп баққан да содан барып негізгі ойын ортаға салған. Ол келесідей: «Сонымен бірге уақытында Совет Одағының Батыры атағына ұсынылғанымен, әр түрлі себептермен, бұл жоғары атақты ала алмай қалған азаматтар да бар. Олар қазір біздің арамызда еңбек етеді, халық – батырым деп бағалайды, Совет Одағының Батырлары сияқты, бұлардың да есімін мақтаныш тұтады. Жұрт оларды алтын жұлдызсыз қаһарман деп біледі.. Солар туралы Сізге толығырақ айтқымыз келеді, қымбатты Леонид Ильич» [5,451-452-б].

Әңгімені осылай өрбіте келіп, нақты есімдерге тоқтала бастайды. Оның алғашқысы қаһарман жазушы Бауыржан Момышұлы. Даңқты қаламгер атамызды былайша таныстырады: «БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ. Ол осы мерекелі жылда 70 жасқа келеді. Ұлы Отан соғысын ол аға лейтенант, батальон командирі боп бастап, соғыста гвардия полковнигі, 9-гвардиялық дивизияның командирі болып, Совет Одағының Маршалы И.Х.Баграмяннің қол астында аяқтады. Момышұлы жолдас 1941 жылы Москваны қаһармандықпен қорғағандардың бірі. Генерал Панфиловтың резерві ретінде Момышұлының батальоны бес рет қоршауда қалып, фашистермен қиян-кескі ұрыс жүргізді, өз алдына қойылған міндетті орындағаннан кейін жау қоршауының шеңберін бұзып өтіп, өз дивизиясына келіп қосылды. Момышұлы жолдас 207 рет ұрысқа қатысып, екі рет ауыр жаралы болды» [5,452-б]. Баукең туралы мол ақпарат беріледі. Ал екінші адам халық арасында онсыз да батыр, қаһарман

атанып кеткен Рақымжан Қошқарбаев туралы мол деректер келтіріліп, оның да Совет Одағының Батыры атағына әбден лайық екендігіне жан-жақты тоқталады. [5,454-456-б].

Сондай-ақ кезінде Рейхстагқа ту тіккен Р.Қошқарбаев туралы төмендегідей жолдарды келтіреді: «Рейхстаг штурмының қаһарманы ретінде Рақымжан Қошқарбаев есімі біздің республикамызда және Совет еліне ғана емес, сонымен бірге Герман Демократиялық Республикасында да әйгілі. Неміс достары 1965 және 1970 жылдарда оны екі рет Берлинге шақырды. Оның аты кеме жасау верфінің бір таңдаулы бригадасына және Берлин іргесіндегі Кепениктегі №5 мектептің пионер дружинасына берілген. Жарқын болашақ үшін қаһармандық ерлік жасаған жауынгерге біздің достарымыздың мұндай көзқарасы біздің жүрегімізде жеңімпаз совет солдаттына деген мақтаныш сезімін тудырады.

Қазір Рақымжан Қошқарбаев Алматыда тұрады. Ол өзінің қаһармандық ерлігін жасаған кезде 21 жаста еді.

Қымбатты Леонид Ильич!

Қазақ халқының атынан Сізге өтініш айтып, оның осы ересен екі ұлына әкелік қамқорлық көрсетуіңізді, сөйтіп олардың ерлік еңбегіне лайықты баға берулеріңізді сұраймыз. Біздің халқымыз ұзақ жылдар бойына бұл екі ұлына Совет Одағының Батыры атағының берілуін арман етіп келеді.

Сізді келе жатқан Ұлы Жеңістің 35 жылдығымен тағы да құттықтап, халықтар мен Отан игілігі үшін өзіңіздің ұзақ өмір сүруіңізді тілейміз.» [5,455-456-б].

Хаттың соңына еліміздің маңдайға басар төмендегі тұлғалар қолдарын қойғызған:

Ы. Жақаев – екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның атақты күріш өсірушісі, Қызылорда облысы, Ж. Қуанышбаев – екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның атақта шопаны, Жамбыл обласы, Т. Бигелдинов – екі мәрте Совет Одағының Батыры, авиация полковнигі, Ұлы Отан соғысының ардагері, Алматы қаласы, Ғ. Мүсірепов – Социалистік Еңбек Ері, жазушы-академик, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Алматы қаласы, Ұ. Алтайбаева – Социалистік Еңбек Ері, Ардақты Ана, «Коммунизм» колхозының звено жетекшісі, Қызылорда облысы, З. Күдербекова – Социалистік Еңбек Ері, «Жетісу» өндірістік бірлестігі аяқ-киім пішушілерінің бригадирі, Алматы қаласы, Ә. Шәріпов – жазушы, филология ғылымының докторы, Ұлы Отан соғысының партизаны, Алматы қаласы, Ә. Мәметова – Совет Одағының Батыры Мәметованың ата-анасы, профессор.

Енді Әзілхан Нұршайықовтың «екінші Генсекқа» жазған хатына тоқталсақ. Баршаға белгілі, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі Кеңес үкіметінің құлап түсуіне үлкен дүмпу болды. Кезінде ұлтымыздың намысы үшін алаңға шығып, қанды қасапқа тап болған жастарға жоғары баға берілудің орнына Кеңес үкіметі басшылығы «қазақ ұлтшылдығы» жаласын жапты. Бұл әділетсіздік барша қазақтың ашуына тиді. Алайда Мәскеудегі шенеуніктер халық үніне құлақ аса қоймады. Сол тұста он бес одақтас республиканы басқарып тұрған мәскеулік басшылар Қазақстаннан айтылған қарсы пікірге құлақ та аспады. Бұл тұрғыда белгілі ақын Мұхтар Шахановтың Кремль трибунасынан айтқан сөздері белгілі еді. Алайда сенді қозғау үшін басқа да зиялылардың қарсы пікірлері ауадай қажет болып тұрды. Осы тұста халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов қолына қалам алды. Ол КОКП-ның Бас хатшысы Михаил Горбачевқа жазған хатында бүкіл бір халыққа жабылған жаланың негізсіз екендігін, оны жоққа шығаратынын әрі оны ресми құжат негізінде «қазақ ұлтшылдығы» жаласын алып тастауды талап етті. Оны нақты дәлелдермен дәйектеді.

Ол кезде Бас хатшыға ашықтан-ашық хат жолдап, Компартияның қаулысына қарсы шығу арыстанның аузына басыңды жақындатумен пара-пар еді. Ал Кремльден қаймықпаған Әз-атамыз бұл батыл қадамға батыл барып, ол хатты атақты ақын Олжас Сүлейменов арқылы еш почтасыз тікелей Бас хатшының көмекшісіне жеткізіп, оны ресми түрде тіркеткен ғой.

Кейіннен бұл туралы белгілі жазушы Сәбит Досанов республикалық «Ана тілі» газетіне материал жариялады. Ондағы мына бір жайттар көп нәрседен хабар береді: ««Күн ертеңге ауып барады. Жатар алдындағы желпініске шыққанға дейін мана таңертең бастаған

жаңа әңгіменің жалғасын жазып тастайтын». Осы оймен жазу столына отырғаны сол еді алдында тұрған қара телефон безілдеп қоя берді. – Кешіріңіз, бізге жазушы Әзілхан Нұршайықов керек еді, – деді ар жақтан естілген әйел дауысы. – Бұл Мәскеуден, КПСС Орталық Комитетінен. Сізбен Курпатов жолдас сөйлеседі. Сәл үнсіздіктен соң сымның ар жағынан ер кісінің сыздана сөйлеген сыздауық дауысы естілді. – Менің фамилиям Курпатов. – Сізді тындап тұрмын. – Сіз Михаил Сергеевич Горбачевтің атына хат жаздыңыз ба? – Иә, жаздым. – Колбиннің атына ше? – Иә, екі адресқа бір хат жаздым. – Колбинге жазған хатыңызды оған бердіңіз бе? – Бердім. – Қашан? – Қыркүйек айының он төртінші жұлдызында. – Қалай, кім арқылы бердіңіз? – Көмекшісі арқылы. – Сіз хатыңызды берген көмекшінің аты-жөні? – Шатунов жолдас. – Колбин не деп жауап береді? – Әңгімелесуге шақырды. – Қашан? – Желтоқсан айының жетінші жұлдызында [6], - дей келіп одан сәл уақыттан соң басты әңгіме тиегін ағытады: «– Енді ең негізгі әңгімеге көшейін. – Ол қандай әңгіме? – Сіз Горбачев жолдасқа жазған хатыңызда КПСС Орталық Комитетінің Қазақстан туралы алынған белгілі қаулысындағы «Қазақ ұлтшылдығы» деген екі сөзді өшіруді өтініпсіз. – Солай деп жазғаным рас! Мұны өтініш деп те, сан мыңдаған қазақ коммунистері мен партияда жоқтардың талабы деп те қабылдауыңызға болады. – Солай ма? – Иә, тап солай! – Онда бұл сөзіңіз үшін әлі талай өкінесіз. Райыңыздан қайтыңыз. – Айтылған сөз – атылған оқ. Ол кері қайтпайды. – Жазылған хаттағы қатеңізді түзетуге болады ғой. – Хатқа түскен сөз тем более қайтпайды. – Солай деңіз... – Өкінерім де, тем более кешірім сұрап өтінерім де жоқ. – Онда өз обалыңыз өзіңізге. Бізге өкпелемеңіз! Курпатов осыны айтты да, «қош» деместен телефон тұтқасын тастай салды. Әзілхан «тук-тук» деген дыбысқа құлағын тосқан күйі аң-таң болып тұрып қалды. «Партиялық этикет қайда? Орталық Комитеттің бір билдей бір хатшысы қатардағы коммунистермен осылай сөйлесе ме? «Қош бол» деуге де мәдениеті жетпеді ғой. Бұл да Арқатай Есенович құсаған биік креслодағы аласаның бірі екен ғой. Партиялық тәртіп, мәдениет қайда? Әділдік қайда?...» Курпатовпен арадағы әңгімеден соң жазу жайына қалды. Ауыр ойлар еңсесін езген Әзілхан жазу столының жанында тұрған диванға киімшең қисая кетті. Сол сәт оның көз алдынан бүгінгі жайсыз әңгімеге алып келген оқиғалар тізбегі өтіп жатты. Желтоқсан көтерілісінен кейін арада алты ай өткенде Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті «Қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулы қабылдады. Он бес одақтас республикаларды тырп еткізбей уысында ұстап отырған Кеңес Одағы деп аталатын алып империяның сан мыңдаған газет-журналдарында жарияланып, шетелдерге дейін тараған бұл қаулы қазақ халқына ту сыртынан қадалған қанжардан кем болған жоқ. Зиялы қауым бұл қаулының империялық астамшыл ой мен сұрқия пиғыл, сұм саясаттың тағы бір улы жемісі екенін білді. Әзілхан Орталықтың бұл улы түтінін ауруханада жатып жұтты. Ауырып жатып, СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Горбачевке хат жазды. Әзілхан бұл хатында қазақ халқының ұлтшыл емес, шынайы интернационалист екендігін нақты фактілермен дәлелдей отырып, Орталық Комитеттің қаулысынан «Қазақ ұлтшылдығы» деген аса зәрлі екі сөзді алып тастауын өтінді [6]. Отбасының тұтастығына қауіп төндіретін мұндай қадамды кез-келген адам отбасымен ақылдаспай істемес еді. Жары қарсы болуы мүмкін еді. Алайда Әз-атамыздың бұл қадамын сол шаңырақтағы Халима апамыз қолдап, былай деген екен: «. – Менің жарым да, ағам да, әкем де бір өзіңсің, – деп бастады ол сөзін. – Өмірдің қиындығын да, қуанышын да қырық жыл бойы бірге бөлісіп келе жатырмыз. Мына хатты Мәскеуге жіберсең оның соңы екеумізге де ауыр соққы болып тиетініне сене бер. Сені партиядан шығаруы былай тұрсын, түрмеге отырғызуы, темір тордың ар жағында ұрып-соғып, қинауы да әбден мүмкін. Мына жақта мен де қан жылап, төсектен тұра сала саған қарай құстай ұшамын. Осының бәрін біле тұра мен саған алған бетіңнен қайт деп айта алмаймын. Себебі сен менің сүйікті жарым ғана емес, халықтың иықты перзентісің! Жазушысың! Халықты емес, ең алдымен өзінді, мені, бала-шағанды ойла деп қалай айтамын? Қанша қиналсам да, сені де, өзімді де қиындыққа қимасам да олай деп айта алмаймын. Солай деп айта қалсам да ол сөз сенің көкейіне қонбас еді. «Аттың сыры иесіне мәлім» дегендей, мен білмейтін сырың жоқ. Сенің халқыңды жаныңдай жақсы көретініңді, ол үшін қажет жерде басыңды бәйгеге тігетініңді білемін. Бұл хатты тиісті жерге

жібере алмасаң жүйкеннің жұқара түсетіні тағы талассыз. Сол себепті мен бұл хатты Мәскеуге жіберуінді қолдаймын»[6]. Одан әрі С.Досанов былай деп жазады: « – Бар кездегідей мені бұл жолы да түсінгеніңе, қолдағаныңа ризамын, – деді Әзілхан Халимаға мейірлене қарап. – Мен ештеңеден, тіпті түрмеден де қорықпаймын. Жағдай шиеленісіп кетсе саған қиын бола ма дегенім ғой. Жалғыз уайымым сол. – Біз көрген алғашқы қиыншылық емес қой бұл. Мен қандай қиындық болса да қайыспаймын. Хатты Мәскеуге тездетіп жібер. Қағазға түскен жазу қор болмайды. Бұл өмірде ешнәрсе ізсіз кетпейді. Сенің бұл хатыңның халқымыздың бір қажетіне жарарына, сірескен сенің көбесін сөгеріңе сенемін. Мен бар кездегідей қасындамын. Не көрсек те бір көреміз. Өлсек те бірге өлеміз. Сен жалғыз емессің! «Осы хат үшін мені атып тастамас, – деп ойлады Әзілхан. – Көп болса түрмеге отырғызар. Халимашым барда ештеңе де қорқынышты емес маған». Жан дүниесін жанарынан танытын ақылды жарына риза болған Әзілхан бұрынғыдан бетер шиыршық атып, ширығып шыға келді»[6].

Түйіндеп айтсақ, Әзілхан Нұршайықовтың бұл хатынан да патриоттық сипат айқын аңғарылып тұр. Яғни аталған қаламгердің хаттарында патриоттық рух артығымен кездеседі. Бұл тұрғыда ел мен ер қамын күйттеген, олардың есімдерін келер ұрпаққа үлгі етуге талпынған классик жазушының хаттары көпке үлгі екеніне күмәнім жоқ.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

- 1.<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%B0%D1%82%D1%80%D0%B8%D0%BE%D1%82%D0%B8%D0%B7%D0%BC>
- 2.Омашев Н. Ақпарат әлемі. – Алматы: Қазығұрт, 2006. Б.8.
- 3.Садықұлы С. Қоғам және журналист. –Астана: Елорда, 2000.–Б.50.
- 4.Шоқай М.Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. /Құраст. Ғ.Исахан.-Алматы: «Сага» баспасы, 2006,2-том Б.372
- 5.Нұршайықов Ә, Таңдамалы шығармаларының он томдығы. –Алматы:»Қазығұрт» баспасы, -2005. 10. -352 бет. 451-452
- 6.Досанов С, Сабырлы, сырбаз абыз ол. Шығармалары өмірдің өзіндей шыншыл суреткер жайлы сөз, Ана тілі газеті, 22 Желтоқсан, 2012)